

**2022-2026 жылдарға арналған «Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ
экологиялық менеджмент, еңбек қауіпсіздігі
және еңбекті қорғау жөніндегі саясаты**

«Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ - Қазақстан Республикасының инженерлік білім берудің флагманы

Сәтбаев Университетінің миссиясы - адам игілігіне арналған ғылым және білім.

«Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ экологиялық саясатының, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғаудың мақсаты - қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту, сондай-ақ еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қауіпті өндірістік факторлардың алдын алуды қамтамасыз ететін экологиялық қауіпсіз және тұрақты даму.

«ҚазҰТЗУ» КЕАҚ әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесін және еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғау менеджменті жүйесін әзірлейді, енгізеді және қолдайды.

Осы саясатты жүзеге асыру үшін университет басшылығы өзіне келесі міндеттемелерді қабылдайды:

1. Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, экологиялық менеджмент, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.

2. Жоғары басшылықтың қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы көшбасшылығы мен бейілділігін көрсету.

Енгізілген жүйелер шеңберінде басшылық:

– ISO 14001:2015 және ISO 45001:2018 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес келу.

– Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, жаракаттанудың алдын алуға міндетті.

– Білім алушылар мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығы үшін қауіптерді жоюға және кәсіби қауіптерді азайтуға ықпал етеді.

– Экологиялық менеджмент, еңбекті қорғау, кәсіби қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша белгіленген ішкі нормативтік талаптарды сақтауға міндетті.

– Экологиялық менеджмент, еңбекті қорғау мәселелері бойынша қызметкерлердің білім деңгейі мен құзыреттілігін тұрақты арттыру.

– Университетте қауіпсіз еңбек мәдениеті мен экологиялық мәдениетті дамыту.

Осы Саясат «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ қызметін жоспарлау, басқару және тұрақты жақсарту үшін негіз болып табылады, көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету үшін барлық мүдделі тұлғалар мақұлдаған.

Басшылық сапа, экология және еңбекті қорғау саласындағы саясатты барлық қызметкерлердің түсінуін және қолдауын қамтамасыз ету, іске асыру үшін жауапкершілікті өзіне алады және осы саясатты толық іске асыруды қамтамасыз ету үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстарды беруге кепілдік береді.

Басқарма мүшесі - Корпоративтік даму және стратегиялық жоспарлау жөніндегі проректор



Е. Көлдеев